Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өзіндік жұмыс. Балалардың ойын уақытында бір біріне деген қарым қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты тұру; құрдасының ойы мен өзінің ойының келіспеушілігін, оның ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы: «Маша мен аю» ертегісін сахналау Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:«Маша мен аю» **Сурет салу** Міндеті: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). **Жапсыру** Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ірі элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы композиция	«Жолаушылар» Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Тереке» Н.Әлімқулов Міндеті: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру(**көркем әдебиет**) Тақырыбы:«Әжемнің сандығы» **Сурет салу** Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану **Мүсіндеу** Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). **Жапсыру** Міндеті: Балаларды	«Абайла, балақай!» балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм Интерактивті тақтадан «Жол қауіпсіздігі» толық мағлұмат **(Қауіпсіздік дағды)** . Тақырыбы:«Қолғап» ертегісі Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:«Қолғап» **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу **Жапсыру** Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы композиция құрастыруға баулу **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен	Ырымдар: қар көп түседі, сықтар күшейеді мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады. Түнде қырау болса күндіз қар жаумайды. (**Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Жеті лақ пен қасқыр » ертегісі Міндеті: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Жеті лақ **Сурет салу** Міндеті: Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Мүсіндеу** Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). **Жапсыру** Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы композиция құрастыруға баулу **Құрастыру** Міндеті: өзінің тұрғызған	**Д/О: "Көктайғақ"** **Тапсырмалар**: - қыс мезгілінде - көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; - суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау және өліп қалмау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Жеті лақ пен қасқыр » ертегісі Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Жеті лақ **Сурет салу** Міндеті: Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу **Жапсыру** Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу **Құрастыру**

	құрастыруға баулу **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру	ересектер дайындаған ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы композиция құрастыруға баулу **Құрастыру** Міндеті: өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру	құрылысын талдауға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру
Баламен жеке жұмыс	***Жаңабай Сара*** **"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	***Аманқос Нұрлан*** **"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	***Бағдәулетқызы Айдай*** **"Жаңылтпаштар".** Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	***Бейбіт Аймира*** **тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі. Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады. Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	***Байқадам Ақару*** **"Күміс қар" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Қыста өсімдіктердің	Бақылау: Қар аралас жаңбырды бақылау. Мақсаты: Қыста қар аралас	Бақылау:Күнді бақылау. Мақсаты:Күн көзінің жарығы,оның бүкіл табиғат	Бақылау: Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда	Бақылау: Аяздың терезеге салған суретін бақылау. Мақсаты: Балаларға қыста,

	өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. Еңбек: Ағаштардың түбіне қар үю. Мақсаты:Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. Жеке жұмыс: Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай». Қысқы аязға қарамай, Көгеріп тұр қарағай. Сол секілді төзімді Болсам деймін өзімді. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Тасымалдау ойыны». Мақсаты: Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу.	жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру,сырғанақ жасау, аққала соғу. Жеке жұмыс: Ән: «Көрікті шыршамыз». Мақсаты: Өлеңді жаттату. Әнімен айтқызу. Қимылды ойын: «Егер…» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.	үшін пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіндігі туралы түсіндіру. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты:Ойын алаңына барар жолдарды тазалау. Тазалыққа, топ болып еңбек етуге үйрету. Жеке жұмыс:Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн). Мақсаты:Жұмбақ үйрету арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау қабілетін арттыру. Тілдік шығармашылыққа тұрақты. Қызығушылығын қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Түйілген орамал» Ойынның мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу.	болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ жатттату “Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қазан». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы қарды тазалау.Тазалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету. Жеке жұмыс: Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Қырау). Мақсаты: Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру арқылы есте сақтау қабілетін арттыру, тілдік қорын молайту. Қимылдық ойын: «Белбеусоқ». Мақсаты: Топ болып ойнауға үйрету. Денені ширатып, сауықтыру.
Балалардың үйге қайтуы	Қыс мерекесіне дайындықтар туралы айту	Ауа-райымен байланысты киіндіруді, қолғаптарын ұмытпауды ескерту	Ақыл-кеңес: «Баламен қандай ойындарды ойнауға болады?»	Мерекелік тақпақтарды үйде қайталауын және ертеңгілік туралы айту	Ақыл-кеңес: «ТЖ: өрт су тасқыны кезіндегі тұрғындардың әрекеті» Тәуелсіздік мерекесіне орай демалыс жайлы ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай-балабақшасы**
Топ: **«Құлыншақ» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар.
Жоспардың құрылу кезеңі: 03-07.03.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О «Ойыншықтар» Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Асатаяқ» Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ,) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. **(Музыка)** «Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О «Жануарлар» Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және дәстүрге байланысты балалармен жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Аспаптар» Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. **(Музыка)** Ойын барысы: Кішкене сандыққа ұлттық бұйымдарды салып, оны ашып, бір бұйымды көрсетіңіз. Мысалы: "Бұл домбыра. Ол музыкалық аспап" деп түсіндіру. **(Бір**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О «Дала гүлдері» Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Аспаптар» Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау **(Музыка)** Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды"	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Төрт түлік» зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Би өнері» Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.**(Музыка)** "Қамшы өру" ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру. **(Бір тұтас тәрбие)**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Жол қиылысы» зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Би өнері» Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. **(Музыка)** Қуыр-қуыр, қуырмаш Міндеті: Баланың эмоционалдық байланысын нығайту, сенсорлық қабілетін дамыту. Ойын барысы: Баланың алақанын өз алақаныңызбен сипай отырып, "Қуыр-қуыр, қуырмаш" өлеңін айтасыз. **(Бір тұтас тәрбие)**

		тұтас тәрбие)	құлату. **(Бір тұтас тәрбие)**		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу	Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз	Ата-аналармен жұмыс: Баламен бірге еңбек
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Салыстыр» Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.(**математика негіздері**) Д/О «Қауіпсіздік ережесі» розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). **(қоршаған ортамен таныстыру**) Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету «Құстарға қамқорлық» **(Экологиялық тәрбие)**	Д/О «Салыстыр» Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа) салыстыру. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу (**математика негіздері**) Д/О «Жабайы жануарлар» Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру**) «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу **(Экологиялық тәрбие)**	Д/О «Салыстыр» Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа) салыстыру. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу (**математика негіздері**) Д/О «Дала гүлдері» дала гүлдерінің тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **(қоршаған ортамен таныстыру**) Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру«Көгершін» оригами құрастырамыз **(Экологиялық тәрбие)**	Д/О «Салыстыр» Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу (**математика негіздері**) Д/О «Ережелер мен нормалар» Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету **(қоршаған ортамен таныстыру**) Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Міндеті: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.видео көрсету. **(Экологиялық тәрбие)**	Д/О «Салыстыр» Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу (**математика негіздері**) Д/О «Көшедегі тәртіп» Көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). **(қоршаған ортамен таныстыру**) **Д/О: «**Торғайлар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету **(Экологиялық тәрбие)**

Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығу (затпен)** 1. заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; 2. қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу **3. допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;** 4. аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; 5. қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; (**дене шынықтыру**)				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	ДО «Ойыншықтар» Ойыншықтар қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. **(қазақ тілі)**	ДО «Жануарлар қонақта» заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. **(қазақ тілі)**	ДО «Дала гүлдері» өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу **(қазақ тілі)**	ДО «Төрт түлік» жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **(қазақ тілі)**	ДО «Жол қауіпсіздігі» Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу **(қазақ тілі)**
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	**Дене тәрбиесі** "Наурыз келді, алақай!" Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету.	**Дене тәрбиесі** "Наурыз құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын жетілдіру	**Музыка** "Көктем келді, алақай!" Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілеті мен дыбысты есту қабілетін дамыту.	**Дене тәрбиесі** "Наурыз мерекесі келді". Мақсат-міндеттер. Балаларда көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету; бір орыннан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; негізгі қасиеттерді-шапшаңдық,ептілікті дамыту; құм салынған қапшықшаны оң және сол қолымен алысқа лақтыру	**Қазақ тілі** Наурызым, армысың! «Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді аяқтау.

				дағдыларын дамыту.	
2- таңғы ас	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Жолдың жолаушылар жүретін бөлігін бақылау. Мақсаты: -Балаларды жолдың жолаушылар жүретін бөлігімен таныстыру; -Жол жүру ережесі туралы естерінде сақтау; Бақылау барысы: Жолдың жолаушылар жүретін бөлігіне өту және жүріп жатқан көліктерді қарау. Балаларға балабақшаның жол бойында орналасқанын айтып, түсіндіру Балабақшадан шыққанда өте абай болу керектігін түсіндіру. Еңбекке баулу: Құрғақ жапырақтарды бір жерге жинау. Мақсаты: -Балаларды тырмамен дұрыс жұмыс істеуге үйрету; -Шелектерді белгілі мөлшерге дейін толтыруға үйрету; Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобильдер» Мақсаты: -Жол ережелері туралы білімдерін бекіту; -Жолда жүру тәртібін есте	Рябина ағашын бақылау Мақсаты: -Рябин ағашының көктемгі көркін бақылау. -Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Еңбекке баулу: Рябин ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді	Ерте көктемнің белгілері Мақсаты: -Жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; -Ерте көктемнің белгілерін түсіндіру; Бақылау барысы: Алғаш көктем күндері серуенге шығып, көктемнің белгілерін байқауға болады. Наурыз айынын алғашқы күнінен – ақ күн сәулесі тік түсіп, қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді, жапырақтар бүр аша бастайды. Қар сулана бастағандақтан одан көптеген пішіндер жасауға болады. Мысалы аққала жасаудың нағыз қызатын мезгілі. Алғашқы бәйшешек бүр жаратын кез бұл. Еңбекке баулу: Жолды қардан тазарту Мақсаты: қарды белгіленген жерге дейін ағаш күректің көмегімен тасуға үйрету. Қимылды ойын: «Қояндар» Мақсаты: -Екі аяқтап секіруге үйрету;	Қайың және шыршаны бақылау Мақсаты: -қайың және шыршы ағаштарының көктемгі көркін бақылау. -Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Еңбекке баулу: Қайың және шырша ағашының түбіне қар жинау.	Аула сыпырушының жұмысын бақылау Мақсаты: - аула сыпырушының көктем кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. -Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынамкиіп қолғапт, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбекке баулу: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: -ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдау;

	сақтауға баулу; Қажетті материалдар: рөлдер, қалақша, шелек, машиналар.	баламыз» Мақсаты: -Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; -Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру Қажетті материалдар: күрек, сыпырғыш, шелек	-Белгі бойынша жылдам қимылдауға баулу; Қажетті материалдар: ағаш күрек, сыпырғыш, шелек.	Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: -Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; -Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру Қажетті материалдар: күрек, сыпырғыш, шелек.	-еңбекке баулу. Қимылды ойын: «Сауық қойлар» Мақсаты: -Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; -Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: сыпырғыш, қалақша, шелек, ойыншықтар
Серуеннен оралу	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Күндізгі ұйқы	Ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, баулу				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау				
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы: “Әке мен бала” Міндеті: Жаңа әңгімелерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау **(көркем әдебиет)** Тақырыбы:Ойыншық **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты, қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. **Жапсыру** Міндеті: Жапсыруда табиғи материалдарды қолдану **Құрастыру** Міндеті: Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату	Тақырыбы: «Әдептілік әлемі» (өлең) Ермек Өтетілеуұлы Міндеті: Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау **(көркем әдебиет)** Тақырыбы:Жануар **Сурет салу** Міндеті: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. **Мүсіндеу** Міндеті: Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру **Жапсыру** Міндеті: Жапсыруда қағазды	Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» Міндеті: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. **(көркем әдебиет)** Тақырыбы:Дала гүлдері **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу **Мүсіндеу** Міндеті: Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру **Жапсыру** Міндеті: Жапсыруда қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану	Тақырыбы: «Балбұлақ» (өлең) Нұрхан Жанаев Міндеті: Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.(**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Төрт түлік **Сурет салу** Міндеті: Бір заттың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. **Жапсыру** Міндеті: Жапсыруда табиғи материалдарды қолдану **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің	Тақырыбы: «Балбұлақ» (өлең) Нұрхан Жанаев Міндеті: Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Жол қиылысы **Сурет салу** Міндеті: түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. **Жапсыру** Міндеті: Жапсыруда табиғи материалдарды қолдану **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым

	Д/О: **«Бола ма, әлде болмай ма?»** **Мақсаты:** Балаларды жануарлармен қарым - қатнас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету. Берілген карточкадағы іс - әрекеттерді жасауға бола ма, әлде болмай ма және неліктен болмайтынын әңгімелей отырып, қауіпсіздік ережелерін бекіту. **(Қауіпсіздік дағды)**	түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану **Құрастыру** Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу Д/О: **Орнына қойыңыз** **Мақсат**: қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы түсініктерін бекіту, қауіпсіздік үшін барлық заттарды өз орындарына қою керектігі туралы білімдерін қалыптастыру; байқағыштықты, зейінділікті дамыту; үйде тазалық пен тәртіпті сақтауға деген құштарлықты тәрбиелеу, жолдастық сезімін тәрбиелеу Ереже: итермеңіз, заттарды бір-бірінен алмаңыз. **(Қауіпсіздік дағды)**	**Құрастыру** Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу Д/О: **Жүз қиындық** **Мақсат**: күнделікті өмірдегі қауіпті жағдайлар туралы, нақты жағдайлардағы дұрыс әрекеттер туралы түсініктерді бекіту; зейінді дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу **Материал:** қауіпті жағдайдағы балаларды бейнелейтін суреттер **(Қауіпсіздік дағды)**	тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу Д/О: **Біз – құтқарушылармыз** **Мақсат**: күнделікті өмірдегі қауіпті жағдайлар туралы, нақты жағдайлардағы дұрыс іс-әрекеттер туралы түсініктерін бекіту; зейінді дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. **Материал:** белгілі бір қауіпті жағдайлардағы балаларды бейнелейтін суреттер, белгілі бір жағдайда орындалуы тиіс әрекеттерді бейнелейтін карточкалар жинағы. **(Қауіпсіздік дағды)**	сызбаларға қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу Д/О: **Қалай болғанда да, олай емес** **Мақсат**: балалардың өміріне қауіп төндіретін және қауіпті емес жағдайларды ажырата білу қабілетін қалыптастыру; зейінін дамыту; қауіпсіздік ережелерін сақтауға деген ұмтылысын тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)**
Балалармен жеке жұмыс	**"Сүттен жасалатын тағамдарды ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сүттен жасалатын тағамдарды	**"Әдептілік" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Әдептілік" (Өмірбай	**"Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.	**"Биші" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Биші" (Тоқбай Исабеков). Биле, Алмашжан, билеші,	**"Наурыз" тақпағын жаттау** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы.

	ажырату іскерліктерін дамыту. – Балалар, қазір біз "Сүттен жасалатын тағамдарды ата" ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінесіңдер. Орындықтарға жайғасып алыңдар. Енді, мен музыканы қосамын, сол музыка аяқталғанша, сендер топпен ақылдасып, қандай сүттен жасалатын тағамдар бар, соларды атайсыңдар. Қай топ тағамдар санын көп айтады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** ***Ермахамбет Інжу***	Өмірзақов). Рұқсатсыз бақшаға, Бақыт тіпті бармайды. Көрнеу қойған ақшаға, Суық қолын салмайды. Айтқан ақыл өзінің Есінен бір кетпейді. Жолда үлкен кісінің Алдын орап өтпейді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** ***Ербопа Али -***	- Балалар, қазір біз "Судың қасиеттерін ата" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты мынадай: мен "Су" дегенде судың қасиеттерінің біреуін орындарыңнан тұрып айтасыңдар. Екі топқа бөлініп, жауап беруге дайындалыңдар. Қай топ жылдам, әрі дұрыс жауап берсе, сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог ойынды өзі басқарып отырады. Жақсы орындаған топтың балаларына сарқырама бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. **(қоршаған ортамен танысу)** ***Көптілеу Асылым***	Әжең көріп, жасарсын. Билей берсең күнде осы, Шара апаңнан асарсың. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** ***Ғабит Балхадиша***	Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. Б. Жақыпов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** ***Артем Алина***
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Жолдың жолаушылар жүретін бөлігін бақылау. Мақсаты: -Балаларды жолдың жолаушылар жүретін бөлігімен таныстыру; -Жол жүру ережесі туралы естерінде сақтау; Бақылау барысы: Жолдың жолаушылар жүретін бөлігіне өту және жүріп жатқан көліктерді қарау. Балаларға балабақшаның жол бойында орналасқанын айтып,	Рябина ағашын бақылау Мақсаты: -Рябин ағашының көктемгі көркін бақылау. -Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз	Ерте көктемнің белгілері Мақсаты: -Жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; -Ерте көктемнің белгілерін түсіндіру; Бақылау барысы: Алғаш көктем күндері серуенге шығып, көктемнің белгілерін байқауға болады. Наурыз айынын алғашқы күнінен – ақ күн сәулесі тік түсіп, қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді, жапырақтар бүр аша бастайды.	Қайың және шыршаны бақылау Мақсаты: -қайың және шыршы ағаштарының көктемгі көркін бақылау. -Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға	Алуа сыпырушының жұмысын бақылау Мақсаты: -аула сыпырушының көктем кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. - Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Бақылау барысы: Тапсырма «Ауланы

	түсіндіру. Балабақшадан шыққанда өте абай болу керектігін түсіндіру. Еңбекке баулу: Құрғақ жапырақтарды бір жерге жинау. Мақсаты: -Балаларды тырмамен дұрыс жұмыс істеуге үйрету; -Шелектерді белгілі мөлшерге дейін толтыруға үйрету; Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобильдер» Мақсаты: -Жол ережелері туралы білімдерін бекіту; -Жолда жүру тәртібін есте сақтауға баулу; Қажетті материалдар: рөлдер, қалақша, шелек, машиналар.	Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Еңбекке баулу: Рябин ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: -Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; -Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру Қажетті материалдар: күрек, сыпырғыш, шелек	Қар сулана бастағандақтан одан көптеген пішіндер жасауға болады. Мысалы аққала жасаудың нағыз қызатын мезгілі. Алғашқы бәйшешек бүр жаратын кез бұл. Еңбекке баулу: Жолды қардан тазарту Мақсаты: қарды белгіленген жерге дейін ағаш күректің көмегімен тасуға үйрету. Қимылды ойын: «Қояндар» Мақсаты: -Екі аяқтап секіруге үйрету; -Белгі бойынша жылдам қимылдауға баулу; Қажетті материалдар: ағаш күрек, сыпырғыш, шелек.	суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Еңбекке баулу: Қайың және шырша ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: -Бір – біріне соқтығыспай еркін жүгіруге үйрету; -Тәрбиеші белгісі бойынша жылдам жүгіруге, бір – біріне көмек көрсетуге қалыптастыру Қажетті материалдар: күрек, сыпырғыш, шелек.	тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынамкиіп қолғапт, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбекке баулу: Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: -ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдау; -еңбекке баулу. Қимылды ойын: «Сауық қойлар» Мақсаты: -Жүру және жүгіру барысында бір – біріне соқтығыспай еркін жүруге үйрету; -Тәрбиеші тапсырмасын бұлжытпай орындауға үйрету; Қажетті материалдар: сыпырғыш, қалақша, шелек, ойыншықтар
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардан сұраныс: Өз достарына сыйлық жасау	Әңгіме: «Менің сүйікті досым»	Фотосурет көрмесі «Менің достарым»	Ата-аналарға кеңес: Балаңыздың қанша досы бар?	Ата-анамен жұмыс Әңгімелесу.Балаңыздың сүйікті ойыншықтарын білесізбе?

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай-балабақшасы**
Топ: **«Құлыншақ» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар.
Жоспардың құрылу кезеңі: 11-14.03.2025 жыл

Күн тәртібі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О«Қуыршақты тамақтандыр» Міндеті: ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О«Ғажайып әуендер» Міндеті: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. **(Музыка)** Аудио кітаппен балалардың қызығушылығын арттырады, зейін тыңдауға, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айтуға қалыптастырады. **(Бір тұтас тәрбие)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О «Кімнің заттары?» Міндеті: ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ, маракас, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру **(Музыка)** «Сөйлетін кітаптар» арқылы кітап бетіндегі қажетті сөздерді, шағын сөйлемдерді қайталап айту, сұраққа дұрыс жауап беруге баулиды. **(Бір тұтас тәрбие)**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О «Сиқырлы сандық» Міндеті: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Біздің қуыршақ» Міндеті: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады **(Музыка)** Үнтаспаны пайдалану арқылы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарын т.б. дыбыстарды ажырата білуге мүмкіндік бар.**(Бір тұтас тәрбие)**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О«Үстінде, астында, артында, жанында» Міндеті: Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Торғайлар» Міндеті: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ми —си диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **(Музыка)** «Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру, жаңылтпаштарды қайталау. **(Бір тұтас тәрбие)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату			
Балалардың дербес әрекеті	**Д/О: "Жануарларды емдейік"**	**Д/О: "Кімнің үйі қайда?"** Жабайы аңдар мен құстардың	**Д/О: "Дұрыс атаңыз"** Жануарлардың сөз атауларын дұрыс	**Д/О: "Ұшады, жүзеді, жүгіреді"**

(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кейбір жануарлардың (қоян, тиін, мысық, сиыр) қоректену жолдары туралы білімдерін бекіту; жомарттыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Қанша? неше?» Міндеті: қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру (**математика негіздері**) Д/О «Кітапхана» Міндеті: Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру**) Ба**лалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	(қора, ұя, ұя) мекендерін ажырата білуге және атауға үйрету. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Артық-кем» Міндеті: Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру (**математика негіздері**) Д/О «Көліктер тұрағы» Міндеті: Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру**) Ба**лалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	қолдану дағдыларын дамыту; байланысты сөйлеуді дамыту; жануарлар әлемінің өкілдеріне қызығушылықты ояту. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Міндеті: Өлшемдері қарама-қарсы заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін жалпы шамасы бойынша сөздерімен белгілеу. (**математика негіздері**) Д/О«Сиқырлы сандық» Міндеті: Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. **(қоршаған ортамен таныстыру**) Ба**лалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	Жануарлардың негізгі топтарының (кластарының): жануарлардың, балықтардың, құстардың қозғалу тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Міндеті: Өлшемдері бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (жалпы шамасы бойынша) бір жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін жалпы шамасы бойынша сөздерімен белгілеу (**математика негіздері**) Д/О «Жақсы және жаман» Міндеті: жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру**)
Таңертенгі	**Таңертеңгілік жаттығу (затпен)**			

жаттығу	1. заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; 2. қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу **3. допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;** 4. аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; 5. қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; **(дене шынықтыру)**			
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу			
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	ДО Кітапхана Міндеті: өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу **(қазақ тілі)**	ДО «Әжемнің сиқырлы сандығы» Міндеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу **(қазақ тілі)**	ДО «Жануралар» Міндеті: тұрмыстық заттардың, жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **(қазақ тілі)**	ДО «Сиқырлы суреттер» Міндеті: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу **(қазақ тілі)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О: **Біз – құтқарушылармыз** **Ойын барысы**: Тәрбиеші қауіпті жағдайдың суреті бар суретті үстелге қояды, бала оны қарап шығады және іс-әрекеттер бейнеленген барлық карточкалардың ішінен екі дұрысын таңдап, ретімен орналастырады. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:Бал арасы С.Тойлыбаев Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Дала гүлдері **Сурет салу** МіндетіБір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету **Мүсіндеу**	Д/О: **«Қауіпті заттар»** **Ойынның жүрісі:** Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпті заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін сұрайды. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:Көлік түрлері Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Жолаушы **Сурет салу** Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған	Д/О: **«Бағдаршам не дейді?»** **Ойынның жүрісі:** Тәрбиеші бағдаршам макетін ұсынып оның көздері не деп тұрғанын, қандай белгі беріп тұрғанын сұрай отырып, сол белгіге сай қимыл әрекеттер жасауын қадағалайды. **(Қауіпсіздік дағды)** Тақырыбы:«Жеті лақ» ертегісі Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу (**көркем әдебиет**)	**Кім артық.** **Ойын барысы** Тәрбиеші балаларды терілген кенептегі суреттерді қарап шығуға, бірқатар жабайы жануарлардың артығын табуға және сол немесе басқа заттың неге артық екенін түсіндіруге шақырады. **(Экологиялық дағды)** Тақырыбы:Дала Н. Әлімқұлов Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Көктем көркі **Сурет салу** МіндетіҚылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып	**Кім қалай айқайлайды.** **Ойын барысы** Тәрбиеші балаларға кезек-кезек құстар салынған карточкаларды көрсетеді, балалар оларды дауыстап айтады, содан кейін оларды атайды. **(Экологиялық дағды)** Тақырыбы:«Жеті лақ» ертегісі Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Ертегі кейіпкері **Сурет салу** Міндеті: Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Мүсіндеу**

	Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру **Жапсыру** Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу	бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру **Жапсыру** Міндеті: Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу **Құрастыру** Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу	Тақырыбы: Ертегі кейіпкері **Сурет салу** Міндеті: Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу **Жапсыру** Міндеті: Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру **Құрастыру** Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,	жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету **Мүсіндеу** Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **Жапсыру** Міндеті: Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру. **Құрастыру** Міндеті: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	Міндеті: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Жапсыру** Міндеті: ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру **Құрастыру** Міндеті: Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату
Балалармен жеке жұмыс	***Мұқатай София*** **"Менің отбасым" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар.	***Мұратұлы Нұрали*** **"Менің әжем" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Қыс" (Ізтай Мәмбетов) Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады.	***Жанузақұлы Жамбыл*** **"НАУРЫЗ" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев)	***Қалдыбай Сезім*** **"Көктем" тақпағын айтқызу.** Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру.	***Ілесбек Альфия*** **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)** Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(математика негіздері, қазақ**

	Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны. Ұйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек. Ұйып қапты қырда қайың, Киім киіп ақ жібек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе? Бауырсақ, балмұздақ, Концертке ... молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың ба? **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсің. Жаңа жыл! Жаңа жыл! Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**тілі, сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Жаңбырлы күнді бақылау. Мақсаты: Балаларға жаңбырдың жауу бағытын көрсету, бұлттың неден түзелетіні туралы мәлімет бере отырып, қатты нөсер мен жай жауыңды ажыратуға үйрету, жаңбырдың маңызы туралы білімін кеңейту. Қимылды ойындар: «Біз тамшылармыз» Ойын мақсаты: Балалардыңойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: Балалар тамшы бейнеленген қағаздан тәж киеді. Тәрбиеші бұл киіпіндегі	Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Тұманды күнді бақылау, ашық күн мен тұманды күнді салыстыруға үйрету. Қимылды ойындар: «Жаңылма» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, әр түрлі қимылдар жасауға батылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Бір топ балалар қол ұстасып дөңгелеңе тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шақырады. Шыққан бала «өлең, тақпақ,әңгіме» айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды,	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн-табиғат сыйы,және оның маңызы туралы білімдерін кеңейту, күннің жарық көзі екендігін, оның адам, табиғат, өсімдіктерге тигізер пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Қимылды ойындар: «Күн мен түн» Ойын мақсаты: Балалардың кеңістікті бағдарлай білуін,ептілік қимыл-қозғалыстарын жылдам өзгерте алу қабілеттерін жетілдіре түсу. Ойын шарты: Ұзындығы 40-60 метрлік алаңның ортасында 2 м параллел екі сызық созылады.	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Балаларға желдің бағытын бақылату, табиғат құбылыстарына деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Телеграф» Ойын мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Ойын шарты: Балалар, біз «телеграф» ойынын ойнаймыз. Менің айтқан сөздерімді сендер	Бақылау: Құстардың ұшуы мен қонуын бақылау. Мақсаты: Балалардың құстар туралы түсініктерің кеңейту, олардың ұшуы мен қонуын бақылату, олардың адамзат қамқорлығына зәру екенін ұғындыру. Қимылды ойындар: «Қазан» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, батылдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Ойыншылар тұрған сызықтан шамамен 10,15,20 қадамдай жерден диаметрі 20 сантиметрдей етіп бір-бірден шұңқыр қазылады,

	тәжді киеді. Ол бұлт-анасы, ал балалар оның тамшылары болады. Балалар бұлт анасын қоршап, айналады, секіреді.и»Бұлт анасы» тамшыларды жер бетіне қыдыруға жібереді, оларға өздерін жақсы ұстау, өсімдіктерді суару, жер бетін жуу және қайта оралуларына кеңес береді. Балалар жан-жаққа тарап, содан кейін бірге жиналып, бірінен кейін бірі тұрып «жылға», «арық» болып аққан көріністі көрсетеді. Тәрбиешінің нұсқауымен балалар жылғаның суы бірге жиналып, (екі қатар) «өзенге» айналғанын көрсетеді. «Өзен» ағып «теңіз» болады-балалар үлкен шеңбер жасайды «Бұлт-ана»олардың тамшы екендерін ескертіп, үйлеріне шақырады. «Теңіз»буланып, балалар тамшыларға айналып, біртіндеп біртіндеп бұлтқа айналады. «Күн, су, ауа». Ойын мақсаты: Берілген белгі бойынша ойынның шартын бұзбай дұрыс ойнауға үйрету. Ойын шарты: «Күн» дегенде балалар ашық алаңда ойнап	басын сипайды, тағы сол сияқты әрекеттер жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып күлдіреді. «Үкі». Ойын мақсаты: Балаларды сезімталдыққа, шапшаңдыққа,ептілікке және ойынға деген қызығушылықты арттыруға тәрбиелейді. Ойын шарты: Балалар таңдап алынып, оның көздері орамалмен танылып, ортаға шығарылады. Ойынды жүргізуші үкі көзіндегі орамалын шешпестен ойыншылардың бірін танып білуі керек. Ойынға қатысушылар үкіні адастыру үшін сырт киімдерін ауыстырып, басқа да түрлі әрекеттер жасайды. Үкі ойынын үлкен бөлменің ішінде де, аулада да ойнай беруге болады. Ол үшін аулада үлкен етіп шеңбер сызамыз, оның сыртына шығуға болмайды. Әдеттегідей санамақ арқылы ойын жетекшісі	Балалар екі топқа бөлініп,қарама-қарсы екі сызықтың бойына тұрады. Топтың біріне «түн», екіншісіне «күн» деп ат қояды. Тәрбиеші «күн» десе күн тобындағылар, түн тобындағыларды алаң шетіне дейін қуып барады. Ұстап алғандарды өз тобына қосады. Және керісінше болып ойын жалғастырылады. «Қапы қалма». Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа үйрету, есту қабілетін арттыру. Ойын шарты: Еденге үш кеспелтек таяқша тікесінен қойылады. Екі бала соларды төңіректеп, музыка ырғағымен билеп жүреді. «Тоқта» деген белгі берілген кезде әр биші екі кеспелтекті қамтып қалуға асығады. Қолына жалғыз-ақ кеспелтек іліккен биші жеңіледі. Еңбек: Беседкадағы өз ойыншықтарын жинауға көмектесу. Мақсаты: Қоршаған ортаның тазалығын сақтау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру. Жеке жұмыс: Күн туралы жұмбақ жаттату.	телеграф арқылы басқа қалаға жеткізесіңдер. Ол үшін сендер бір қатарға тұрасыңдар, ал мен буын санына қарай қол шапалақтаймын. Қатарда тұрған әр бала кезекпен осы айтылған сөзді қайталапбуынына қарап қол соғуы керек. Ойында екі буынды және үш буынды сөздерді пайдалануға болады. «Қолтұзақ» Ойын мақсаты: Қолтұзақ ойыны жұптасып ойналады, бұл ойында балалардың ептілігі мен шапшаңдығы сынға түседі. Ойын шарты: Мынау суретке қараңдаршы, ойыншылардың біреуі алақанына әлдебір затты, айталық, кішкентай тастарды салады да, ұштары шамалы бүгіліп, топтастырылған саусақтарының үстіне тұзақты кигізеді, тұзақтың екінші ұшын келесі қолымен ұстап тұрады. Еңбек: Ойын алаңын	ойыншылардың бәрінінде қолдарында көлемі бір-бірімен шамалас үш-үштен тастары болуы тиіс. Ойыншылардың міндеті едәуір қиын әрі қызықты деуге болады. Олар қолдарындағы тастарын кезек-кезегімен әлгі шұңқырды көздеп лақтырулары керек. Ойыншы лақтырған тасын қай шұңқырға түсірсе, соншама яғни 10,15,20 ұпайға ие болады. Ұпайды ең көп жинаған ойыншы «жеңімпаз» болып саналады. «Жаяу көкпар» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойын шарты: Төреші ойынға қатысушыларды бір сапқа тұрғызады, содан 30-60қадам жерге (бұл қашықтықты өз қалауларыңша белгілейсіңдер). Шартты жүлдеге бір дорба асық немесе кәмпит-ақ болсын делік. Төреші сондай-ақ сөре сызығын белгілейді. Төреші белгі берісімен сапта тұрған балалардың барлығы жүгіре жөнеліп, жүлдеге бұрын барғаны соны іліп алып сөреге

	жүреді, өсімдік болып өседі, өйткені өсімдіктер күнді жақсы көреді, күнмен өседі «Су» дегенде балалар балық кит сияқты суда жүзеді. «Ауа» дегенде құстар, ұшақ сияқты қалықтап ұшады т.б. Ойын осылайша жалғасады. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: Тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Қатты нөсер», «жай жаңбыр» сөздерін үш тілде қайталату және жаңбыр туралы тақпақ жаттату. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың. Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп өссін. Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, дұрыс сөйлеу артикуляциясын дамыту. Баланың өзбетінше ойыны: «Кім жылдам» Тренинг: «Тамшылар»	барады. Үкінің долбары дәл шықса, ол сол танылған ойыншымен орын алмастырады. Еңбек: Қағаз қалдықтарын жинауға көмектесу. Мақсаты: Еңбекқорлық қа, тазалыққа баулу. Жеке жұмыс: Табиғат туралы әңгімелесу және жаңылтпаш айтқызу. Тау бар, тау бар, Тауда бау бар. Бауда ара бар, Ара барда бал бар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: «Кім шапшаң?» Тренинг: «Бір шаңырақ астында»	Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (күн) Үлкен табақтан, Әлемге нұрын таратқан. (күн) Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, жұмбақты мәнерлі айтуға дағдыландыру. Баланың өзбетінше ойыны: «Мені қуып жет?» «Поровоз» Тренинг: «Күн сыйы»	тазалауға көмектесу. Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел туралы тақпақ айтқызу. Жел улейді у-у, Құйын келіп тербеледі зу-зу. Қатты-қатты жел соқты, Жапырақтар қол соқты. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, толық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Сұр қоян» «Қасқыр мен аңшы» Тренинг: «Достық қалашығына саяхат»	жеткізуі керек. Осыны бәрінен бұрын атқарып шыққан бала «жеңімпаз» деп таңылады. Еңбек: Құстарға жемсауыт жасау. Мақсаты: Еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа баулу. Жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жаттату. 1.Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін. (қарлығаш) 2.Күндіз соқыр не деген? Түнде қаңдай көреген. (үкі) Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, тілдік дұрыс сөйлеу грамматикасын қалыптастыру, шағын тақпақтар мен жұмбақтар жатқа айтуға үйрету. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Доп қуу» «Қарлығаш» Тренинг: «Құстарша қалқимыз»
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың тазалықтарын тексеру.	Таңертен балабақшаға кешікпей алып келу туралы ескерту.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі әрекеті, не істегені, көңіл- күйі туралы әңгімелесу	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай-балабақшасы**
Топ: **«Құлыншақ» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.04-02.05.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.05.2025	Жұма
Балаларды қабылдау	Д/О «Жаңылтпаш» Міндеті: сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну (Музыка)	Д/О «Жаңылтпаш» Міндеті: сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну (Музыка)	Д/О «Ойын жаттығулары» Міндеті: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. (Музыка)		Д/О «Жалпылаушы сөздер» Міндеті: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. (Музыка)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киім-кешек мәселелері бойынша әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О«Заттарды салыстыр» Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру (математика негіздері) Д/О «отбасы мүшелері» Міндеті: Балаларды отбасы	Д/О«Заттарды салыстыр» Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру (математика негіздері) Д/О «Әдептілік әлемі» Міндеті: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді	Д/О«Заттарды салыстыр» Міндеті: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру (математика негіздері) Д/О «Не үшін керек» Міндеті: Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін		Д/О«Заттарды салыстыр» Міндеті: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (математика негіздері) Д/О «Кеңістікті бағдарлау»

	бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу (қоршаған ортамен таныстыру)	қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. (қоршаған ортамен таныстыру)		Міндеті: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу \Затсыз қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолдарды алға созып, жартылай отыру солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Тыныс алу алу жаттығуы (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	ДО «Әдептілік әлемі» Міндеті: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде	ДО «Достарым» Міндеті: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.	ДО «Ыдыстар, ойыншықтар» Міндеті: Көрнекілікпен		ДО «Ойыншық қайда тығылды» Міндеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, дыбыстарын өздігінен дұрыс

	сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, баулу. (қазақ тілі)	(қазақ тілі)	немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту (қазақ тілі)		айтуға баулу. (қазақ тілі)
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Дене тәрбиесі** "Соғамын барабанымды". Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамтыу; оқу қызметін пысықтау.	**Дене тәрбиесі** "Барабан дабылы". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.	**Музыка** "Табиғаттың сәні-гүл". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.		**Қазақ тілі** "Отаным - бақыт мекенім!". Жеңіс күні. Қазақ тілінде отан туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдана білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.
2- таңғы ас	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				

Серуен	Бақылау: Аспанды бақылау. Мақсаты: Балаларға аспан әлемі туралы түсінік қалыптастыру. Қимылды ойындар: «Ақ сандық пен көк сандық» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, мықтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін «екі балуан» қолдарын бір-біріне айқастырып, бір-біріне арқаларын беріп тұрулары керек. Содан кейін белгі берілісімен, әр қайсысы өз әріптестерімен қарсылығына қарамастан, оны өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. Әрі осы кезде: «Ақ сандық пе?» немесе «Көк сандық па?» сөздерді де айтуды ұмытпауы керек. Енді қарсыласын арқасына көтеріп алады да, қашан жеңілгенің мойындап: «Ақ сандық ұтты!» немесе «Көк сандық ұтты» дегенінше жібермейді. Сонымен, кім жеңеді? Ақ сандық па, көк сандық па? «Дауыста, тыңды айтам!» Ойын мақсаты: Балалардың зердесінің мықтылап, есту қабілетінің жоғарылығын тереңдетіп, ән немесе тақпақ	Бақылау: Көліктерді бақылау. Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, көлік құралдарын түрлі мамандық иелері басқаратыны туралы түсінік беру және көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Автомобиль » ойыны Ойын мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойынның барысы: Балалар үш - үштен бөлінеді. Бір-бірінің артына 1-ші бала «бампер», 2-ші бала «мотор» 3-ші бала «жүргізуші» болып, қолдарының шынтақтарынан ұстап тіркеледі. Тәрбиеші сигнал бергенде, топтың ішіне «автомобильдерін» бір-біріне соғылыстырмай жүргізеді. Ал «бампер» және «мотор» (көзін жұмып) «жүргізушінің нұсқауымен жүреді. Ойын барысында балалар орындарынан кезектестіріп ауыстырып отырады. Оның соңында әр бала «бампер», «мотор», «жүргізуші» қызметін	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға көктем мезгіліндегі ауа-райын бақылату, жалпы табиғат пен адамдар арасындағы байланыс туралы түсінік беру, ауа-райы табиғат сыйы және оның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Қимылды ойындар: «Күн шұғыласы » ойыны Ойын мақсаты: Айнаның көмегімен күннің сәулесін түсіруді үйрету, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты: Тәрбиеші өзінің жаңына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де: Қабырғада елеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Ымдасаң болды сен «кел» деп, Жетеді демде жүгіріп. Сол үзіліс жасайды да: «Сәулені… ұстаңдар» деген		Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершіннің «бейбітшілік құсы» екндігін түсіндіре отырып, оларға қамқор болуды үйрету, көктем мезгіліндегі тіршілігін бақылату. Қимылды ойындар: «Доп шеңберде» ойыны Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ептілікке баулып, ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойынның шарты: Балалар жерге дөңгелепотырады да, допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолвмен қалай және қай бағытқа итеруді үйретеді. 8-10 баладан құралған топта ойын қызықты да ширақ өтеді. Еңбек: Ойын алаңындағы құмдарды көтеруге көмектесу. Мақсаты: Балалардың еңбек әрекетіне қызығушылығын арттыруды жалғастыру. Жеке жұмыс: Балаларға көгершін туралы тақпақ жаттату. Ақ көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін.

	айта білу сияқты қабілеттерін арттыру. Ойын шарты: Ойынды жүргізуші шығарылады. Оның көздері орамалмен таңылады. Содан кейін кімнің қай орында тұрғанын айқамай қалуы үшін ол бір орында бірнеше рет шыр айналдырылады. Содан кейін жүргізуші ойынға қатысушылардың бірі тұрған тұсты нұсқап: «Дауыста, тыңда айтам» дейді. Мұндайда соның саусағы бағытталған ойыншы жүргізуші өзін танып қоймауы үшін мүмкіндігінше дауысын құбылтып дыбыс беруі керек. Алайда қу жүргізуші соған қарамастан, дауыс иесін дәл тапса, екеуі орындарын алмастырады. Егер таба алмаса, онда жүргізуші өз «айыбын» өтеуі тиіс. Өтеуі ән мен тақпақ айту. Еңбек: Балаларға ойын алаңындағы тастарды жинату. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа аулу. Жеке жұмыс: «Аспан әлеміне саяхат» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: Сөйлеу барысында сөздік қорын молайту, сөздерді белсенді қолдану дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Санамақ» Асфальтқа сурет салу.	атқарудағы ойларын ортаға салады. Қай рөлде бала өзін жақсы сезінгені туралы әңгімелейді. «Көліктер» ойыны Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортаына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. Еңбек: Өз машиналарының сынған жерлерін жөндеу. Мақсаты: Балаларға еңбектің маңыздылығын түсіндіре отырып, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Көлік туралы жұмбақтар жаттату. Қос ішекке қонақтаған қаланы, Қара тұлпар алға сүйреп барады. (поезд) Зу етіп жоқ болған, Соңында от қалған. (зымыран) Топырақ жеме жата алмайды, Тас шайнап та қақалмайды (экскаватор) Мақсаты: Сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Қуылыспақ»	белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. Керекті құрал: айна. Еңбек: Учаскідегі қағаз қалдықтарын жинату. Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу, еңбекке қатысу ниеттерін бағалау. Жеке жұмыс: «Ауа-райы», «табиғат» сөздерін 3 тілде қайталату, жұмбақтар жаттату. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (күн) Бір тілім болып туады, Күннен күнге толады, Дөп-дөңгелек болады. (ай) Көзге ілінбейді, Жұтсан білінбейді. (ауа) Мақсаты: Балалардың тілдік-қатынастық құзіреттілігін қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Мені қуып жет!» Тартқышқа тартылу.		Балалар, жем себелік, Жем жесін де семірсең. Сөйтіп қолға үйренсін. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, толық сөйлеуге үйрету, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуіне мүмкіндік туғызу. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Қарлығаш» «Заттың атын ата» «Аспазшы» Тренинг: «Біз татумыз»

		Ирелең жолдармен жүру.			
Серуеннен оралу	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Күндізгі ұйқы	ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, баулу				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау				
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы:Ағайынбыз бәріміз Ә.Дүйсенбиев Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту (көркем әдебиет) Тақырыбы: Досыма сыйлық Сурет салу Міндеті: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар	Тақырыбы:«Түлкі мен Тырна» ертегісі Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету (көркем әдебиет) Тақырыбы: Досыма арналған кілем Сурет салу Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру	Тақырыбы: «Түлкі мен Тырна» ертегісі Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу (көркем әдебиет)		Тақырыбы: Ағайынбыз бәріміз Ә.Дүйсенбиев Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету (көркем әдебиет) Тақырыбы: Ыдыстар, ойыншықтар Сурет салу Міндеті: Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу

	жасауға үйрету Мүсіндеу Міндеті: Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру Жапсыру Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, жасау. Құрастыру Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.	Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу Жапсыру Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем, жасау. Құрастыру Міндеті: Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.	Тақырыбы:Ыдыстар, ойыншықтар Сурет салу Міндетіқызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану Мүсіндеу Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Жапсыру Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, жасау. Құрастыру Міндеті: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.		Мүсіндеу Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Жапсыру Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы алаша жасау. Құрастыру Міндеті: Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру
Балалармен жеке жұмыс	**Дүйсенқұл Раяна** "Көктем" тақпағын жаттау. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып,	Дүйсенбай Раяна "Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін,	Қыдырхан Асылжан Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ". Бір, екі, үш, Бір, екі, үш,		Өмірбек Мүслім Сурет салудан ойын-жаттығу "Анамның портреті" Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі

	Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (қарым-қатынас іс-әрекет)	сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, доскa, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы. Педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. (сөйлеуді дамыту)	Ал, кәнеки, үш! Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон! Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (қарым-қатынас іс-әрекет)		көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту.
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Аспанды бақылау. Мақсаты: Балаларға аспан әлемі туралы түсінік қалыптастыру. Қимылды ойындар: «Ақ сандық пен көк сандық» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, мықтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін «екі балуан» қолдарын бір-біріне айқастырып, бір-біріне арқаларын беріп тұрулары керек. Содан кейін белгі берілісімен, әр қайсысы өз әріптестерімен қарсылығына қарамастан, оны өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. Әрі осы кезде: «Ақ сандық пе?» немесе «Көк сандық па?» сөздерді де айтуды ұмытпауы керек. Енді қарсыласын арқасына көтеріп алады да, қашан жеңілгенің	Бақылау: Көліктерді бақылау. Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, көлік құралдарын түрлі мамандық иелері басқаратыны туралы түсінік беру және көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Автомобиль » ойыны Ойын мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойынның барысы: Балалар үш - үштен бөлінеді. Бір-бірінің артына 1-ші бала «бампер», 2-ші бала «мотор» 3-ші бала «жүргізуші» болып, қолдарының шынтақтарынан ұстап тіркеледі.	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балаларға көктем мезгіліндегі ауа-райын бақылату, жалпы табиғат пен адамдар арасындағы байланыс туралы түсінік беру, ауа-райы табиғат сыйы және оның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Қимылды ойындар: «Күн шұғыласы » ойыны Ойын мақсаты: Айнаның көмегімен күннің сәулесін түсіруді үйрету, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты: Тәрбиеші өзінің жаңына бір топ		Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершіннің «бейбітшілік құсы» екндігін түсіндіре отырып, оларға қамқор болуды үйрету, көктем мезгіліндегі тіршілігін бақылату. Қимылды ойындар: «Доп шеңберде» ойыны Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ептілікке баулып, ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойынның шарты: Балалар жерге дөңгелепотырады да, допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолвмен қалай және қай бағытқа итеруді үйретеді. 8-10 баладан құралған топта ойын

	мойындап: «Ақ сандық ұтты!» немесе «Көк сандық ұтты» дегенінше жібермейді. Сонымен, кім жеңеді? Ақ сандық па, көк сандық па? «Дауыста, тыңды айтам!» Ойын мақсаты: Балалардың зердесінің мықтылап, есту қабілетінің жоғарылығын тереңдетіп, ән немесе тақпақ айта білу сияқты қабілеттерін арттыру. Ойын шарты: Ойынды жүргізуші шығарылады. Оның көздері орамалмен таңылады. Содан кейін кімнің қай орында тұрғанын айқамай қалуы үшін ол бір орында бірнеше рет шыр айналдырылады. Содан кейін жүргізуші ойынға қатысушылардың бірі тұрған тұсты нұсқап: «Дауыста, тыңда айтам» дейді. Мұндайда соның саусағы бағытталған ойыншы жүргізуші өзін танып қоймауы үшін мүмкіндігінше дауысын құбылтып дыбыс беруі керек. Алайда қу жүргізуші соған қарамастан, дауыс иесін дәл тапса, екеуі орындарын алмастырады. Егер таба алмаса, онда жүргізуші өз «айыбын» өтеуі тиіс. Өтеуі ән мен тақпақ айту. Еңбек: Балаларға ойын алаңындағы тастарды жинату. Мақсаты: Балаларды	Тәрбиеші сигнал бергенде, топтың ішіне «автомобильдерін» бір-біріне соғылыстырмай жүргізеді. Ал «бампер» және «мотор» (көзін жұмып) «жүргізушінің нұсқауымен жүреді. Ойын барысында балалар орындарынан кезектестіріп ауыстырып отырады. Оның соңында әр бала «бампер», «мотор», «жүргізуші» қызметін атқарудағы ойларын ортаға салады. Қай рөлде бала өзін жақсы сезінгені туралы әңгімелейді. «Көліктер» ойыны Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортаына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. Еңбек: Өз машиналарының сынған жерлерін жөндеу. Мақсаты: Балаларға еңбектің маңыздылығын түсіндіре отырып, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Көлік туралы жұмбақтар жаттату. Қос ішекке қонақтаған қаланы, Қара тұлпар алға сүйреп барады. (поезд)	балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де: Қабырғада елеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Ымдасаң болды сен «кел» деп, Жетеді демде жүгіріп. Сол үзіліс жасайды да: «Сәулені… ұстаңдар» деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. Керекті құрал: айна. Еңбек: Учаскідегі қағаз қалдықтарын жинату. Мақсаты: Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу, еңбекке қатысу ниеттерін бағалау. Жеке жұмыс: «Ауа-райы», «табиғат» сөздерін 3 тілде қайталату, жұмбақтар жаттату. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (күн) Бір тілім болып туады, Күннен күнге толады,		қызықты да ширақ өтеді. Еңбек: Ойын алаңындағы құмдарды көтеруге көмектесу. Мақсаты: Балалардың еңбек әрекетіне қызығушылығын арттыруды жалғастыру. Жеке жұмыс: Балаларға көгершін туралы тақпақ жаттату. Ақ көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар, жем себелік, Жем жесін де семірсең. Сөйтіп қолға үйренсін. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, толық сөйлеуге үйрету, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуіне мүмкіндік туғызу. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Қарлығаш» «Заттың атын ата» «Аспазшы» Тренинг: «Біз татумыз»

	еңбекқорлыққа, тазалыққа аулу. Жеке жұмыс: «Аспан әлеміне саяхат» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: Сөйлеу барысында сөздік қорын молайту, сөздерді белсендіқолдану дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Санамақ» Асфальтқа сурет салу.	Зу етіп жоқ болған, Соңында от қалған. (зымыран) Топырақ жеме жата алмайды, Тас шайнап та қақалмайды (экскаватор) Мақсаты: Сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Қуылыспақ» Ирелең жолдармен жүру.	Дөп-дөңгелек болады. (ай) Көзге ілінбейді, Жұтсан білінбейді. (ауа) Мақсаты: Балалардың тілдік-қатынастық құзіреттілігін қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: 1.»Мені қуып жет!» Тартқышқа тартылу.		
Балалардың үйге қайтуы	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «GS Altyn Ai» бөбекжай-балабақшасы**
Топ: **«Құлыншақ» ортаңғы тобы**
Балалардың жасы- 3 жастағы балалар.
Жоспардың құрылу кезеңі 05-08.05.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі
Балаларды қабылдау	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу.** Д/О «Жалпылаушы сөздер» Міндеті: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Ақырын-қатты» Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), байқауға үйрету.**(Музыка)**	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу. Күй күмбірі** Д/О «Антонимдер» Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Жылдам-баяу» Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: қарқыны (жылдам-баяу), байқауға үйрету. **(Музыка)**	Достар әнімен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу. Күй күмбірі** Д/О «Антонимдер» Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(Сөйлеуді дамыту)** Д/О «Мұңды, көңілді» Міндеті:Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. **(Музыка)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.		

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О: "Кімнің әні екенін тап?"** Ономатопея дағдыларын жетілдіру; дауыс күшін және оны басқара білу қабілетін дамыту. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Салыстыр» Міндеті:Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (**математика негіздері**) Д/О «Заттардың тобы» Міндеті:Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Б**алалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.	**Д/О: "Бала жоғалып кетті"** Бірнеше жануарлардың арасынан белгілі бір жануарлардың төлдерін табуға және атауға үйрету; жанашырлыққа, мейірімділікке, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Үшбұрыш, шаршы» Міндеті:Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.(**математика негіздері**) Д/О «Кеңістікті бағдарлау» Міндеті:Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)** Б**алалардың дербес әрекеті:** Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	**Д/О: "Балапанның анасын тап"** Ересек жануарды күшігі бойынша анықтауға үйрету; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; "Жануарлар және олардың төлдері" тақырыбында сөздік қорын белсендіру. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Үшбұрыш, шаршы» Міндеті:Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (**математика негіздері**) Д/О «Жолда» Міндеті:Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Б**алалардың дербес әрекеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгілік жаттығу** \Затсыз 1. қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. 2. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; 3. қолдарды алға созып, жартылай отыру 4. солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); 5. аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); 6. тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; 7. аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Тыныс алу алу жаттығуы (**дене шынықтыру**)		
